



Қайрат Әнуарұлы Рақым

## Компьютер майталманы марапатталды!

Қарағанды Н.В.Гоголь атындағы ОҒӘК жаңа ақпараттық технологиялар енгізу жөніндегі аға кеңесшісі Қайрат Әнуарұлы Рақым **Қарағанды облысы әкімінің мәдениет және өнер қызметкерлеріне тағайындаған «Жылдың үздік кітапхана қызметкері» сыйлығын** иеленді.

Қарағанды Мемлекеттік техникалық университетін үздік дипломмен тәмәмдаған, Сорос-Қазақстан қорының оқыту тренингтерінің, Бауман атындағы Мәскеу Мемлекеттік техникалық университетінің қашықтықтан оқыту сертификаттарының иегері Қ.Рақымның еңбек жолы 1997ж. кітапхананың инженер-системотехник қызметінен бастау алады.

Ақпараттық технологиялар мен компьютер техникасын терең игерген, кітапханалық-библиографиялық іс негізінде зор білім жинақтаған Қайрат кітапханаларды компьютерлеу мен автоматтандыру саласындағы білікті мамандардың бірі. Оның кітапханалық жаңа ақпараттық технологияларды енгізу жөніндегі игі бастамасы Республикалық автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйенің (РАБИС) тиімді қалыптасуының негізі саналады. РАБИСті құрастырушылардың бірі ретінде, бағдарламаның алдағы уақытқа жетілдірілуіне мол үлес қосқандықтан ҚР Ұлттық кітапханасының Компьютер Орталығы тарапынан зор құрметке ие болғанын ауыз толтыра мақтанышпен айта аламыз.

Облыс бойынша Windows 98 операциялық жүйесі үшін ең алғаш қазақ тілін сүйемелдейтін драйвер жазып, ең алғаш Қарағандыда кітапханалық сайтты өзі құрастырып, оны Интернетте жариялаған білікті маман кітапханаларды автоматтандыруды жетілдіре, РАБИСтың автоматтандырылған жұмыс орны (АРМ) мен бағдарламалық қамтамасыз етілуін орнатуда облыстағы бар кітапханаларға әдістемелік, әрі іс-тәжірибелік көмек көрсетумен шектелмей, ой-пікірімен санасатын ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы (Астана) мен басқа облыстық әмбебап кітапханалардың мамандарына, облыстық әкімшілік, облыстық тілдерді дамыту басқармасы қызметкерлеріне, Қарағандыдағы көптеген компьютерлік фирмалардың өкілдеріне және т.т. ұдайы кеңес-көмек беріп келеді.

Оның есімі Республиканың компьютер әлемінде баршаға аян, компьютерлік бағдарламаларды қазақ тіліне енгізу жөніндегі зерттемелеріне «Computer Club Magazine» және «Интернет и Я» журналдары арқез сүйенеді.

Қайрат Әнуарұлы Қарағанды Н.В.Гоголь атындағы ОҒӘК компьютерлік техника құралдарының, желілік жүйе мен кітапхана сайттарының үздіксіз қалыптасуын қадағалай, қамтамасыз ететін баға жетпес білікті де білгір маман, оның елеулі еңбегі, қалтқысыз іс-қызметі арқасында Қарағанды Н.В.Гоголь атындағы ОҒӘК республика деңгейінде Қазақстандағы ең тандаулы кітапханалардың бірі, әрі бірегейі саналады.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгерген, кітапхананың облыс және республика аясындағы бар іс-шараларына, республикалық, облыстық конференция, семинарларға, Жазғы Интернет-Университеттерге атсалыса қатысатын Қайрат Әнуарұлының техникалық сүйемелдеуі түрлі оқыту семинар-тренингтердің жоғары деңгейде ойдағыдай өтуіне зор ықпалын тигізуде.

Кітапхана ұжымы елеулі еңбегімен еленген, жүзден жүйрік, әр іске зор жауапкершілікпен қарайтын техника тарланы Қайрат Әнуарұлы Рақымды облыс әкімі сыйлығымен құттықтап, компьютер майталманын мақтан тұтады.

Сыйлығыңыз ұзағынан сүйіндірсін! - қадірлі әріптес дегіміз келеді.

**Қарағанды Н.В.Гоголь атындағы ОҒӘК директоры Ж.К.Шаймуханбетова**